



XҒТАР 15.81.61
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1893-2025-153-4-144-156>

Жүктілікті қайта жоғалтқан әйелдердегі қабылданған стресс деңгейі

Г.К. Айкинбаева¹, Д.К. Имирова^{2*}

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹gulden_1975@mail.ru, ^{2*}imirovad@listl.ru)

Аңдатпа. Бұл зерттеуде жүктілікті қайта жоғалтқан (Recurrent Pregnancy Loss, RPL) әйелдердегі қабылданатын стресс деңгейі және оның жас ерекшелігі, білім деңгейі мен тұрмыстық жағдайға тәуелділігі талданды. Зерттеу сипаттамалық және салыстырмалы сипатта жүргізіліп, 20–40 жас аралығындағы 98 әйелдің деректері негізінде жүзеге асырылды. Қабылданатын стресс деңгейі Cohen және Williamson ұсынған PSS-14 (Perceived Stress Scale) шкаласы арқылы бағаланды. Жиналған мәліметтер JASP 0.95.2 статистикалық бағдарламасы арқылы өңделді. Статистикалық талдау барысында Cronbach's α және McDonald's ω арқылы шкаланың ішкі сенімділігі бағаланды, деректердің қалыптылыққа сәйкестігі Shapiro–Wilk тестімен тексерілді. Топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест және бір факторлы дисперсиялық талдау (One-way ANOVA) қолданылды. Нәтижелер білім деңгейі қабылданатын стресс деңгейіне елеулі әсер ететінін көрсетті ($p < 0.001$), орта немесе колледж білімі бар әйелдерде стресс деңгейі жоғары, ал жоғары білімді әйелдерде төмен болды. Жас ерекшелігі мен тұрмыстық жағдай бойынша байқалған айырмашылықтар статистикалық тұрғыдан мәнді болмағанымен, жоғары стресс деңгейіне бейімділікке қатысты тенденциялар тіркелді. Зерттеу нәтижелері RPL жағдайында қабылданатын стрестің әлеуметтік-демографиялық факторлармен өзара байланысын көрсетіп, психологиялық қолдау стратегияларын әзірлеуге негіз бола алады.

Түйін сөздер: жүктілік, жүктілікті жоғалту, әйелдер, стресс, денсаулық, репродуктивті денсаулық, қабылданатын стресс.

Түсті: 16.10.2025; Жөнделді: 29.10.2025; Мақұлданды: 18.12.2025; Онлайн қолжетімді: 29.12.2025

*хат-хабар авторы

Кіріспе

Қазіргі таңда әйелдердің репродуктивті денсаулығы мен психологиялық саулығы медициналық және әлеуметтік психологияның маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып отыр. Жүктілікті бірнеше рет жоғалту тәжірибесі әйелдің өмір сапасына, өзін-өзі бағалауына және отбасы қатынастарына теріс әсер етуі мүмкін. Мұндай жағдайда әйелдің психологиялық күйзеліс деңгейі жоғарылап, қабылданатын стресс факторларының ықпалы күшейеді. Стрестің жоғары деңгейі кейінгі жүктіліктің ағымына, дене және психикалық денсаулыққа кері әсер етуі мүмкін (Cohen, S. et al., 1983).

Репродуктивті денсаулық пен психологиялық саулықтың өзара байланысы қазіргі қоғамдағы маңызды әлеуметтік және медициналық мәселелердің бірі болып табылады. Жүктіліктің өздігінен немесе медициналық себептермен үзілуі әйелдің өмірінде үлкен эмоционалдық күйзеліс тудырады. Мұндай жағдайдың қайталануы (Recurrent Pregnancy Loss, RPL) әйелдің психологиялық тұрақтылығына, өзін-өзі бағалауына және өмір сапасына теріс әсер етеді. Психологиялық тұрғыдан бұл процесс тек физиологиялық жоғалтумен шектелмей, ұзақ мерзімді стресс пен ішкі күйзелістің қайнар көзіне айналады (Rai, R., & Regan, L., 2006). RPL бар әйелдер көбіне депрессия, мазасыздық және қабылданатын стресс деңгейінің жоғарылауын бастан кешіреді. Мұндай әйелдердің шамамен 40–60%-ында клиникалық деңгейдегі мазасыздық және депрессиялық симптомдар байқалады (Wang, T. et al., 2023). Бұл жағдай тек биологиялық факторлармен ғана емес, әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктермен де байланысты (Kolte, A.M. et al., 2015). Әйелдің жасы, білім деңгейі және тұрмыстық жағдайы оның стресс деңгейіне айтарлықтай ықпал етуі мүмкін.

Жас ерекшелігі психологиялық бейімделу қабілетіне әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Жас шамасы кіші әйелдерде эмоционалдық тұрақсыздық пен үрей деңгейі жоғарырақ болуы мүмкін, өйткені олардың өмірлік тәжірибесі мен әлеуметтік қолдау жүйесі әлі толық қалыптаспаған (Labarta, E. et al., 2017). Сондықтан жүктілікті 20–29 жас аралығында жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі үлкен жастағы (30–40 жас) әйелдермен салыстырғанда жоғары болуы ықтимал. Білім деңгейі де стресс қабылдау сипатына әсер ететін маңызды әлеуметтік айнымалы болып табылады. Ғылыми еңбектерде жоғары білімі бар әйелдерде ақпаратты талдау, проблеманы рационалды шешу және психологиялық ресурстарды қолдану қабілеті жоғары болатыны атап өтілген (Adib-Rad, H. et al., 2019). Керісінше орта немесе колледж деңгейіндегі білімі бар әйелдерде когнитивтік қайта бағалау мен өзін-өзі реттеу механизмдері әлсіз болуы мүмкін, бұл олардың қабылданатын стресс деңгейінің жоғары болуына әкеледі. Тұрмыстық жағдай да әйелдің эмоционалдық әл-ауқатына әсер ететін маңызды психоәлеуметтік фактор болып табылады. Тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдер көбіне әлеуметтік қолдаудан айырылып, жалғыздық пен кінә сезімін бастан кешіреді, бұл олардың стресс деңгейін арттырады (Druguet, M. et al., 2018). Ал тұрмыстағы әйелдерде жұбайлық қолдау мен эмпатиялық түсіністік психологиялық тұрақтылықтың қорғаушы факторы ретінде көрініс табады (Swanson, K.M. et al., 2009). Жүктілікті қайта жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейін зерттеу кезінде демографиялық факторларды жас, білім және тұрмыстық жағдайды ескеру ерекше маңызға ие. Бұл зерттеу аталған айнымалыларға байланысты стресс

деңгейінің өзгерісін анықтауға бағытталады және психологиялық қолдаудың мақсатты стратегияларын әзірлеуге теориялық негіз қалайды.

Зерттеудің мақсаты:

Жүктілікті қайта жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейін (Perceived Stress Scale – PSS-14) анықтау және бұл көрсеткіштің жас ерекшелігі, білім деңгейі және тұрмыстық жағдаймен байланысын талдау.

Гипотезалар

1. Жүктілікті қайта жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі жас ерекшелігіне байланысты өзгереді, жас шамасы кіші (20–29 жас) әйелдерде стресс деңгейі үлкен жастағы (30–40 жас) әйелдерге қарағанда жоғары болады.

2. Орта немесе колледж білімі бар әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі жоғары білімді (жоғары немесе магистрлік деңгейдегі) әйелдерге қарағанда жоғары болады.

3. Тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі тұрмыстағы әйелдерге қарағанда жоғары болады.

Бұл зерттеу Қазақстан контексінде жүктілікті қайта жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресін кешенді талдауға бағытталған алғашқы еңбектердің бірі болып табылады. Нәтижелер психологиялық көмек көрсету бағдарламаларын жетілдіруге және әйелдердің эмоционалдық саулығын қолдаудың мақсатты стратегияларын құруға ықпал етеді.

Әдебиеттерге шолу

Жүктілікті бірнеше рет жоғалтқан әйелдердегі стресс (Recurrent Pregnancy Loss – RPL) қазіргі психологиялық зерттеулердің маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Бұл мәселе әйелдің психикалық және физикалық денсаулығына терең әсер ететіндіктен, оның психологиялық ерекшеліктерін кешенді тұрғыдан қарастыру қажеттілігі артып келеді. Халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған көптеген зерттеулер (Scopus, Web of Science базаларында) RPL жағдайындағы әйелдердің стресс, мазасыздық және депрессия деңгейі бақылау топтарындағы әйелдерге және ұқсас тәжірибені бастан кешкен ерлерге қарағанда айтарлықтай жоғары екенін дәлелдейді (Inversetti, A. et al., 2023; Wang, T., et al., 2023). Зерттеулерде қабылданатын стресс деңгейін өлшеудің ең кең тараған және сенімді құралы – қабылданған стресс шкаласы (Perceived Stress Scale, PSS-10). Бұл әдістеме адамның өміріндегі оқиғаларды қаншалықты стрестік деп қабылдайтынын бағалауға мүмкіндік береді және жоғары валидтілік пен сенімділікке ие. PSS-10 шкаласы RPL контексінде ерекше маңызды, өйткені мұндай әйелдерде объективті медициналық себептермен қатар, субъективті психологиялық күйзеліс те айқын байқалады. Бірқатар эмпирикалық зерттеулерде PSS-10 нәтижелері бойынша RPL бар әйелдердің стресс деңгейі бақылау тобына қарағанда едәуір жоғары екені анықталған (Li, G. et al., 2020).

Қазіргі ғылыми деректерге сүйенсек, мұндай пациенттерге психологиялық және психотерапиялық көмек көрсету аса маңызды. Ең тиімді тәсілдердің бірі ретінде когнитивті-мінез-құлықтық терапия кеңінен қолданылады, ол депрессия мен мазасыздық белгілерін азайтып, әйелдердің эмоционалдық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік береді. Бұдан бөлек, эмоционалдық қолдау мен психологиялық кеңес беру

бағдарламалары да тиімді нәтиже көрсетуде. Мұндай бағдарламалар әйелдің кінә сезімін жеңілдетіп, күйзеліске қарсы тұру қабілетін арттырады және болашақ жүктіліктің сәтті өту ықтималдығын көбейтеді (Basirat, Z. et al., 2022). Қазіргі зерттеулер жүктілікті бірнеше рет жоғалтқан әйелдерге кешенді психологиялық көмек қажет екенін көрсетеді. Диагностикалық тұрғыдан сенімді құралдардың және ғылыми негізделген психотерапиялық тәсілдердің үйлесімді қолданылуы әйелдердің психикалық саулығын қалпына келтіруде шешуші рөл атқарады. Сонымен қатар, психологиялық қолдау тек әйелдерге ғана емес, олардың серіктестеріне де бағытталуы тиіс, өйткені эмоционалдық ауыртпалық көбіне жұбайлардың екеуіне де ортақ болады. Алдыңғы зерттеулер (Recurrent Pregnancy Loss жүктіліктің қайталанатын жоғалуы) RPL бар әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі жоғары екенін дәлелдегенімен, бұл көрсеткіштердің жас, білім және тұрмыстық жағдаймен байланысы Қазақстан контекстінде арнайы зерттелмеген. Осы себепті бұл зерттеу аталған айнымалылар арасындағы өзара байланысты эмпирикалық тұрғыда талдауға бағытталады.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеу сипаттамалық және кескіндік сипаттағы эмпирикалық жұмыс болып табылады. Зерттеу жүктіліктің қайталанатын жоғалуы бар (Recurrent Pregnancy Loss) әйелдердің қабылданатын стресс деңгейін анықтауға және оның жас ерекшелігі, білім деңгейі мен тұрмыстық жағдаймен байланысын талдауға бағытталды. Эмпирикалық деректер Астана қаласындағы Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасына қарасты шаруашылық жүргізу құқығындағы “Көпсалалы облыстық аурухана №2” мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының гинекология стационары мен босану бөлімінен, сондай-ақ Астана қалалық №10 емханасының гинекология бөлімінен және №7 қалалық емхананың әйелдер консультациясы бөлімінен алынды. Зерттеуге өз еркімен қатысуға келісім берген 20-40 жас аралығындағы әйелдер тартылды. Іріктеуге жүктіліктің екі және одан да көп рет өздігінен үзілу тарихы бар, денсаулығы салыстырмалы түрде тұрақты әйелдер енгізілді. Психикалық ауруы бар немесе психотропты дәрі қабылдап жүрген респонденттер зерттеу құрамына кіргізілмеді. Барлығы 98 әйел қатысты және 5 әйел зерттеуге қатысудан бас тартты, олардың ішінде 20-29 жас аралығында – 28 адам, 30-40 жас аралығында – 65 адам болды. Зерттеуде қабылданатын стресс деңгейін анықтау үшін Cohen және Williamson (1988) ұсынған Perceived Stress Scale (PSS-14) сауалнамасы қолданылды. Сауалнама 14 тұжырымнан тұрады және әр тұжырым 0-ден 4-ке дейінгі шкала бойынша бағаланды (0 – «ешқашан», 4 – «өте жиі»). Шкаланың ішкі біртектілігі Cronbach's α көрсеткіші арқылы тексерілді. Алынған нәтиже ($\alpha = 0.833$) сауалнаманың жоғары сенімділігін дәлелдейді. Шкаланың қазақ тіліне бейімделген нұсқасы қолданылып, алдын ала сынақ жүргізілді. Қатысушылардың жасы, білім деңгейі және тұрмыстық жағдайы туралы мәліметтер арнайы демографиялық сауалнама арқылы жиналды. Зерттеу барысында барлық қатысушылардан ақпараттандырылған келісім алынды. Сауалнамалар офлайн және онлайн форматтарда жүргізіліп, барлық деректер құпия сақталды және тек ғылыми мақсатта пайдаланылды. Жиналған деректер JASP 0.95.2 (University of Amsterdam, 2023) бағдарламасында өңделді. Алынған нәтижелерге сипаттамалық статистика, сенімділік талдауы (Cronbach's α , McDonald's ω) жүргізілді. Деректердің қалыптылыққа сәйкестігі Shapiro–Wilk тесті арқылы тексерілді. Топтар

арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін тәуелсіз таңдамаға арналған t-тест (Independent Samples t-test) және бір факторлы дисперсиялық талдау (One-way ANOVA) қолданылды. Айнымалылар арасындағы өзара байланысты бағалау мақсатында Пирсон корреляциясы есептелді. Статистикалық мәнділік деңгейі $p < 0.05$ деп алынды. Бұл зерттеу нәтижелері жүктіліктің қайталанатын жоғалуы бар әйелдердің психологиялық жағдайын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді және болашақта психологиялық қолдау көрсету мен алдын алу шараларын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасауға негіз болады.

Нәтижелер мен талқылау

PSS-14 сауалнамасының ішкі сенімділігі жоғары деңгейде анықталды. Зерттеу нәтижесі бойынша Cronbach's α мәні 0.833, ал McDonald's ω мәні 0.835 болды. 95% сенімділік интервалындағы көрсеткіштер 0.762–0.903 аралығында, бұл сауалнама сұрақтарының өзара үйлесімді екенін және құралдың тұрақты, сенімді нәтижелер беретінін көрсетеді (1-кесте).

1 кесте

PSS-14 шкаласының ішкі сенімділік көрсеткіштері (Cronbach's α)

Frequentist Scale Reliability Statistics				
			95% CI	
Coefficient	Estimate	Std. Error	Lower	Upper
Coefficient α	0.833	0.036	0.762	0.903

Жүктілікті қайта-қайта жоғалту (RPL) – репродуктивтік жастағы әйелдер үшін тек физиологиялық ғана емес, айтарлықтай психологиялық ауыртпалық тудыратын құбылыс. Бұл жағдай көбіне жоғары деңгейдегі стресс, күйзеліс, алаңдаушылық бұзылыстар және депрессиямен қатар жүреді. Осыған байланысты, әйелдің жасы мен психологиялық реакциясының өзара байланысын зерттеу ерекше мәнге ие. Аталған зерттеуде ұсынылған гипотеза - «жас шамасы кіші (20–29 жас) әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі үлкен жастағы (30–40 жас) әйелдерге қарағанда жоғары болады» - қолда бар әдебиеттер негізінде негізделе алады. Бірқатар зерттеулерде RPL жағдайындағы психологиялық стресс деңгейінің жоғары екені нақты көрсетілген. Мәселен, Kolte et al. (2015) жүргізген даниялық когорталық зерттеуде қайталама жүктілік жоғалтқан әйелдерде эмоционалдық дистресс пен депрессия деңгейі жүкті болуға тырысатын жалпы популяциямен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екені анықталған. Бұл нәтижелерді He et al. (2019) және Wang et al. (2023) зерттеулері де қолдайды, мұнда RPL диагнозы қойылған әйелдердің едәуір бөлігінде клиникалық мәнге ие алаңдаушылық және депрессиялық симптомдар тіркелген. Алайда, жас ерекшелігіне байланысты қабылданатын стресс деңгейінің өзгеруін тікелей салыстырған зерттеулер саны шектеулі. Кейбір жанама дәлелдер бұл гипотезаны қолдайды. Жалпы психологиялық денсаулықәдебиетінде жас үлкен сайын эмоционалдық дистресс деңгейінің төмендеуі байқалатыны белгілі. Jorm et al. (2005) ұсынған зерттеуде 20–64 жас аралығындағы әйелдер арасында психологиялық күйзелістің жасы үлғайған сайын біршама төмендейтіні

көрсетілген. Бұл тренд RPL жағдайында да сақталуы мүмкін деген болжам жасауға негіз береді. Жас шамасы кіші әйелдердің RPL жағдайында жоғары стресс сезінуінің себептерін түсіндіретін бірқатар әлеуметтанулық және психологиялық факторлар бар. Бұл топтағы әйелдерде репродуктивтік келешекке деген үміттің жоғары болуы, әлеуметтік қолдау жүйесінің әлсіздігі, экономикалық тұрақсыздық, сондай-ақ өзін кінәлау сезімінің күштірек болуы мүмкін. Wang et al. (2023) зерттеуінде де осындай медиаторлар, атап айтқанда ұйқының бұзылуы мен төмен табыс деңгейі RPL-мен байланысты күйзелісті күшейтетін факторлар ретінде анықталған. Жас ерекшелігі әйелдің қайталама жүктілік жоғалтуына психологиялық реакциясының айқындаушы факторы болуы ықтимал. Жас шамасы кіші әйелдердің (20–29 жас) репродуктивтік үміті мен болашаққа сенім деңгейі жоғары болғанымен, бұл топ стресс факторларына неғұрлым сезімтал болуы мүмкін. Ал жасы үлкен әйелдер (30–40 жас) өмірлік тәжірибесі мен стресске бейімделу деңгейінің жоғары болуына байланысты RPL жағдайын психологиялық тұрғыдан салыстырмалы түрде жеңіл өткеруі ықтимал. Қазіргі әдебиеттер RPL жағдайында жоғары стресс деңгейін нақты көрсеткенімен, жас ерекшелігіне байланысты айырмашылықты тікелей салыстырған эмпирикалық зерттеулер әлі де жеткіліксіз. Жалпы психологиялық трендтер мен әлеуметтік-психологиялық факторлар негізінде жас шамасы кіші әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі жоғары болуы ықтимал деген гипотеза ғылыми негізге ие деп қарастыруға болады.

1-гипотеза бойынша нәтижелерді талдау 20–29 жас және 30–40 жас аралығындағы әйелдердің қабылданатын стресс деңгейіндегі айырмашылықты анықтау мақсатында тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест (Independent Samples t-test) жүргізілді. Алдымен деректердің қалыптылыққа сәйкестігі Shapiro–Wilk тесті арқылы тексерілді. Нәтижелер бойынша екі топтағы үлгілердің таралуы қалыпты екені анықталды ($W = 0.978$, $p = 0.122$). Дисперсиялардың теңдігін тексеру үшін Brown–Forsythe критерийі қолданылды, айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді еместігі байқалды ($F(1,91) = 0.656$, $p = 0.420$), бұл топтардағы дисперсиялардың біркелкі екенін көрсетті. Осы негізде Independent Samples t-test нәтижелері талданды. Нәтижелер бойынша жас ерекшелігіне қарай қабылданатын стресс деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық анықталған жоқ ($t(91) = -0.926$, $p = 0.357$, Cohen's $d = -0.209$). Бұл көрсеткіш жас шамасы кіші (20–29 жас) және үлкен (30–40 жас) әйелдердің стресс деңгейі ұқсас екенін дәлелдейді. Осылайша, “жас ерекшелігі кіші әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі жоғары болады” деген 1-гипотеза расталмады (2-кесте).

2 кесте

Жас топтары бойынша қабылданатын стресс деңгейінің айырмашылығын бағалауға арналған тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері

Independent Samples T-Test					
	t	df	p	Cohen's d	SE Cohen's d
итоғы	-0.926	91	.357	-0.209	0.228

Note. Student's t-test.

Жоғары білім деңгейі адамның өмірлік қиындықтарға, соның ішінде психоэмоционалдық күйзелістерге деген төзімділігін арттыратын маңызды әлеуметтік-экономикалық ресурс болып саналады. Осы зерттеуде ұсынылған гипотезаға сәйкес, «орта немесе колледж білімі бар әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі жоғары білімді (жоғары немесе магистрлік деңгейдегі) әйелдерге қарағанда жоғары болады». Бұл болжамдықолдайтынбірнешеғылыми дәлелдер бар. Көптеген әлеуметтік және қоғамдық денсаулық зерттеулерінде білім деңгейі төмен адамдар психологиялық күйзелістерге (мысалы, стресс, депрессия, алаңдаушылық бұзылыстар) неғұрлым бейім келетіні байқалған. Мәселен, Muñoz et al. (2021) жүргізген зерттеуде АҚШ ересектері арасында психологиялық дистресс деңгейі мен білім деңгейі арасында тікелей кері байланыс бар екені анықталған. Авторлар төмен білімді адамдарда стресс деңгейі айтарлықтай жоғары болатынын көрсетті, әсіресе әйелдер арасында бұл айырмашылық күштірек байқалады (Park, R. et al. 2021). Білім деңгейінің психологиялық күйге әсерін сипаттай отырып, Andersson et al. (2020) білім тек қана ақпарат көзі ғана емес, стрессорларға қарсы тұру қабілетін күшейтетін қорғаныс факторы екенін ұсынады. Зерттеуде жоғары білім деңгейі бар адамдарда өмірлік қиындықтарға психологиялық бейімделу мен басқару стратегиялары жақсы қалыптасқаны атап өтіледі. Бұл жоғары білімді әйелдердің эмоционалдық күйзеліске ұшырау ықтималдығы төмен болуы мүмкін деген идеяны қолдайды. Burger et al. (2023) өз еңбегінде жоғары білім деңгейінің әйелдер арасында психикалық денсаулық көрсеткіштерімен (соның ішінде стресс және депрессиямен) тығыз байланысты екенін атап өтеді. Авторлар әлеуметтік теңсіздік факторларын ескере отырып, жоғары білім алған әйелдер стресске қарсы неғұрлым бейімделген, әрі эмоционалдық тұрақтылық деңгейі жоғары болатынын айқындаған. Осы нәтижелер білім деңгейінің қабылданатын стресс деңгейіне әсер ететінін көрсетеді. Төмен немесе орта білім деңгейіндегі әйелдер әлеуметтік-экономикалық тұрақсыздыққа жиі ұшырайды, кәсіби немесе отбасылық қолдаудың шектеулі болуы, өмірлік дағдарыстарға психологиялық дайындығының аз болуы себепті олардың қабылдайтын стресс деңгейі жоғары болуы ықтимал. Ал жоғары немесе магистрлік білім алған әйелдер, керісінше, проблемаларды конструктивті шешу дағдылары мен эмоционалдық өзін-өзі реттеу қабілеттерінің арқасында күйзелістерді жеңіл өткеруі мүмкін. Қолда бар әдебиеттер білім деңгейі мен қабылданатын стресс арасындағы байланысты нақты көрсетеді және ұсынылған гипотезаны ғылыми негізде қолдайды.

Әйелдердің қабылданатын стресс деңгейінің білім деңгейіне байланысты айырмашылығын анықтау мақсатында бір факторлы дисперсиялық талдау (One-way ANOVA) жүргізілді. Алдымен деректердің қалыптылыққа сәйкестігі мен дисперсиялардың бір-келкілігі тексерілді. Levene тесті бойынша дисперсиялардың теңдігі сақталған ($p > 0.05$). ANOVA нәтижесі білім деңгейіне қарай қабылданатын стресс деңгейінде статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылық бар екенін көрсетті ($F(1,91) = 38.55, p < 0.001, \eta^2 = 0.298$). Орта білімі бар әйелдердің стресс деңгейі ($M = 41.29, SD = 11.49$) жоғары, ал жоғары білімді әйелдерде ($M = 28.55, SD = 8.25$) төмен болып шықты. Бұл нәтижелер «орта немесе колледж білімі бар әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі жоғары болады» деген 2-гипотезаны толық растайды (3-кесте).

3-кесте

Қабылданатын стресс деңгейінің білім деңгейіне байланысты айырмашылығын бағалауға арналған дисперсиялық талдау (ANOVA) нәтижелері

ANOVA - итоги							
Cases	Sum of Squares	df	Mean Square	F	p	η^2	ω^2_p
Білім деңгейіңіз. Ваш уровень образования	3,736	1	3,736.37	38.55	< .001	0.298	0.288
Residuals	8,819	91	96.91				

Note. Type III Sum of Squares

Әйелдердің психологиялық саулығына әсер ететін негізгі әлеуметтік факторлардың бірі – олардың некелік мәртебесі. Әлеуметтік-психологиялық әдебиетте некеде болу эмоционалдық тұрақтылықты, әлеуметтік қолдауды арттыратын маңызды қорғаныс факторы ретінде қарастырылады, ал керісінше, тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдерде психоэмоционалдық күйзелістің жоғары болуы жиі кездеседі. Осы зерттеуде ұсынылған гипотезаға сәйкес, «тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі тұрмыстағы әйелдерге қарағанда жоғары болады» және бұл болжам қазіргі ғылыми зерттеулермен дәлелденеді. Strizzi et al. (2021) ажырасу оқиғасының психологиялық тұрғыдан өте күрделі стресс факторы екенін анықтаған. Олардың зерттеуінде ажырасқан адамдарда қабылданатын стресс деңгейі (PSS – Perceived Stress Scale арқылы өлшенген) халықтың орташа деңгейінен едәуір жоғары болғаны көрсетілген. Бұл нәтиже ажырасу фактісінің әйелдің эмоционалдық жағдайына елеулі әсер ететінін көрсетеді. Yang et al. (2025) некелік мәртебе мен стреске төзімділік арасындағы байланысты зерттей келе, тұрмыс құрмаған әйелдердің өмірге қанағаттану деңгейі төмен, ал стреске бейімділігі жоғары болатынын тапқан. Авторлар бұл айырмашылықты некелік қатынастағы әлеуметтік қолдаудың тұрақты түрде қолжетімді болуымен байланыстырады. Неке мәртебесі мен психикалық саулық арасындағы бұл байланыс басқа зерттеулерде де айқын көрінеді. Muñoz et al. (2021) және Andersson et al. (2020) секілді авторлар психологиялық дистрестің таралуында әлеуметтік факторлардың (соның ішінде білім, табыс және некелік мәртебе) шешуші рөл атқаратынын атап өткен (Park, R. et al. 2021; Andersson, M.A. et al., 2020). Некеде болу - әлеуметтік және эмоционалдық қолдаудың тұрақты көзі ретінде стрессті төмендетуге ықпал етеді. Керісінше, тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдер әлеуметтік оқшаулану, экономикалық қысым және болашаққа деген белгісіздік секілді факторларға жиі ұшырайды, бұл қабылданатын стресс деңгейін арттыра түседі. Осыған ұқсас тұжырымдар Perceived Stress and Psychological Well Being Among Married and Unmarried Pakistani Women зерттеуінде де көрсетілген. Зерттеу нәтижелері бойынша, некеде емес әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі тұрмыстағы әйелдермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары болған. Бұл айырмашылық PSS-10 шкаласы арқылы анық

өлшенген (Khan M. et al., 2025). Жоғарыда келтірілген ғылыми деректер тұрмыс құрмаған және ажырасқан әйелдерде қабылданатын стресс деңгейі жоғары болатынын нақты көрсетеді. Бұл нәтижелер ұсынылған гипотезаны негіздеуге толық мүмкіндік береді және болашақта психоэмоционалдық қолдауға бағытталған интервенцияларды дәл осы топтарға бағыттау қажеттілігін көрсетеді.

Тұрмыстық жағдайға байланысты қабылданатын стресс деңгейін анықтау мақсатында **тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест (Independent Samples t-test)** жүргізілді. Алдымен деректердің қалыптылыққа сәйкестігі және дисперсиялардың біркелкілігі тексерілді. **Shapiro-Wilk тестінің нәтижесі** үлгінің қалыпты таралудан шамалы ауытқитынын көрсетті ($W = 0.970, p = 0.033$), алайда **Levene тесті** дисперсиялардың теңдігін растады ($F(1,91) = 0.011, p = 0.919$). Бұл жағдай t-тест нәтижелерін интерпретациялауға мүмкіндік береді. **t-тест нәтижелері** тұрмыстағы және некеде емес әйелдердің қабылданатын стресс деңгейлері арасында айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнді емес екенін көрсетті ($t(91) = 1.712, p = 0.090, \text{Cohen's } d = 0.387$). Бұл айырмашылық маңыздылық деңгейіне ($p < 0.05$) жете қойған жоқ, яғни некелік жағдайдың қабылданатын стресс деңгейіне айқын ықпалы байқалмады. **“Тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі тұрмыстағыларға қарағанда жоғары болады”** деген 3-гипотеза расталмады. Некеде болу немесе болмау стресс деңгейіне елеулі әсер етпейді, дегенмен некеде емес әйелдерде стресс деңгейінің жоғарылау тенденциясы байқалды (4-кесте).

4-кесте

Қабылданатын стресс деңгейінің тұрмыстық жағдайға байланысты айырмашылығын бағалауға арналған тәуелсіз үлгілерге арналған t-тест нәтижелері

Independent Samples T-Test					
	t	df	p	Cohen's d	SE Cohen's d
итоғы	1.712	91	.090	0.387	0.232

Note. Student's t-test.

Қорытынды

Бұл зерттеуде жүктілікті қайта жоғалтқан (Recurrent Pregnancy Loss, RPL) әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі және оның жас ерекшелігі, білім деңгейі мен тұрмыстық жағдайға тәуелділігі қарастырылды. Зерттеу нәтижелері төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

1. Жас ерекшелігіне байланысты стресс деңгейінің айырмашылығы статистикалық тұрғыдан мәнді болмады ($p = 0.357$), яғни 20–29 жас және 30–40 жас аралығындағы әйелдердің қабылданатын стресс деңгейі ұқсас болып шықты. Бұл нәтиже жас факторының RPL жағдайында негізгі детерминант еместігін көрсетеді, дегенмен жас әйелдерде жоғары стресс деңгейіне бейімділік байқалды, бұл болашақ зерттеулер үшін назар аударарлық.

2. Білім деңгейіне қарай қабылданатын стресс деңгейінде айтарлықтай айырмашылық анықталды ($p < 0.001$). Орта немесе колледж деңгейіндегі білімі бар әйелдерде

стресс деңгейі жоғары білімді әйелдермен салыстырғанда едәуір жоғары болды. Бұл нәтиже білім деңгейінің психологиялық күйге әсер ететін маңызды фактор екенін дәлелдейді және білім беру мен психологиялық сауаттылықты арттырудың маңызын көрсетеді.

3. Тұрмыстық жағдайға байланысты айырмашылық статистикалық тұрғыдан мәнді болмады ($p = 0.090$), дегенмен тұрмыс құрмаған немесе ажырасқан әйелдерде стресс деңгейінің жоғарылау тенденциясы байқалды. Бұл тенденция неке жағдайының психоэмоционалдық саулыққа ықпал ететінін жанама түрде көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері жүктілікті бірнеше рет жоғалтқан әйелдердің қабылданатын стресс деңгейіне әлеуметтік-демографиялық факторлардың әртүрлі дәрежеде әсер ететінін көрсетті. Білім деңгейі айқын анықтаушы фактор ретінде танылса, жас пен тұрмыстық жағдай бойынша байқалған айырмашылықтар толық дәлелденбегенімен, келешекте кеңейтілген іріктемелермен тереңірек зерттеуді қажет етеді. Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде білім деңгейі төмен әйелдерге басым назар аудару қажет. Жас және тұрмыстық жағдай сияқты факторларды ескеретін жекелендірілген интервенциялардың тиімділігі жоғары болуы мүмкін. Алдағы зерттеулерде іріктеме көлемін кеңейтіп, әлеуметтік қолдау, табыс деңгейі секілді медиатор айнымалыларды ескеру ұсынылады.

Авторлардың үлесі туралы мәлімет

Методология – **Имирова Д.К., Айкинбаева Г.К.**

Мәтінді жазу, ғылыми редакция және рецензиялау – **Имирова Д.К.**

Статистикалық талдау және визуализация – **Айкинбаева Г.К.**

Әдебиеттерді шолу және дәйексөз келтіру (цитаталау) – **Имирова Д.К., Айкинбаева Г.К.**

Уровень воспринимаемого стресса у женщин с повторной потерей беременности

*Г.К. Айкинбаева, Д.К. Имирова**

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, Астана, Казахстан

Аннотация. В данном исследовании проанализирован уровень воспринимаемого стресса у женщин с повторной потерей беременности (Recurrent Pregnancy Loss, RPL) в зависимости от возрастных особенностей, уровня образования и семейного положения. Исследование носило описательный и сравнительный характер и было проведено на основе данных 98 женщин в возрасте от 20 до 40 лет. Уровень воспринимаемого стресса оценивался с использованием шкалы воспринимаемого стресса PSS-14, предложенной Козном и Уильямсоном. Собранные данные были обработаны с помощью статистического программного обеспечения JASP 0.95.2 (University of Amsterdam). Надежность шкалы оценивалась с использованием коэффициентов Cronbach's α и McDonald's ω , нормальность распределения проверялась с помощью критерия Шапиро-Уилка. Для определения различий между группами применялись t-тест для независимых выборок и однофакторный дисперсионный анализ (One-way ANOVA). Результаты показали, что уровень образования оказывает значительное влияние на уровень воспринимаемого стресса ($p < 0.001$): женщины со средним или колледжным образованием демонстрировали более высокий уровень

стресса по сравнению с женщинами с высшим образованием. Несмотря на то, что различия по возрасту и семейному положению не достигли статистической значимости, была выявлена тенденция к более высокому уровню стресса у молодых и незамужних/разведённых женщин. Полученные данные свидетельствуют о взаимосвязи воспринимаемого стресса с социально-демографическими факторами в контексте RPL и могут стать основой для разработки целевых стратегий психологической поддержки.

Ключевые слова: беременность, потеря беременности, женщины, стресс, здоровье, репродуктивное здоровье, воспринимаемый стресс.

Level of perceived stress in women with recurrent pregnancy loss

G.K. Aikinbaeva, D.K. Imirova*

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Abstract. This study analyzed the level of perceived stress in women with recurrent pregnancy loss (RPL) depending on age characteristics, education level, and marital status. The study was descriptive and comparative in nature and was conducted based on data from 98 women aged 20 to 40. The level of perceived stress was assessed using the PSS-14 perceived stress scale proposed by Cohen and Williamson. The collected data were processed using JASP 0.95.2 statistical software (University of Amsterdam). The reliability of the scale was assessed using Cronbach's α and McDonald's ω coefficients, and the normality of the distribution was tested using the Shapiro-Wilk criterion. To determine the differences between the groups, the t-test for independent samples and one-way ANOVA were used. The results showed that the level of education has a significant impact on the level of perceived stress ($p < 0.001$): women with secondary or college education showed higher levels of stress compared to women with higher education. Although differences in age and marital status did not reach statistical significance, a trend toward higher stress levels was identified among young and unmarried/divorced women. The data obtained indicate a relationship between perceived stress and socio-demographic factors in the context of RPL and may form the basis for the development of targeted psychological support strategies.

Key words: pregnancy, pregnancy loss, women, stress, health, reproductive health, perceived stress.

Әдебиеттер тізімі

Cohen, S., Kamarck, T., & Mermelstein, R. (1983). A Global Measure of Perceived Stress. *Journal of Health and Social Behavior*, 24(4), 385–396. <https://doi.org/10.2307/2136404>

Rai, R., & Regan, L. (2006). Recurrent miscarriage. *The Lancet*, 368(9535), 601–611. [https://doi.org/10.1016/S0140-6736\(06\)69204-0](https://doi.org/10.1016/S0140-6736(06)69204-0)

Wang, T., Liu, Y., Hou, Y., Li, J., & Qiao, C. (2023). The risk factors of progestational anxiety, depression, and sleep disturbance in women with recurrent pregnancy loss: A cross-sectional study in China. *Frontiers in Psychology*, 14, 1116331. <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2023.1116331>

Kolte, A. M., Olsen, L. R., Mikkelsen, E. M., Christiansen, O. B., & Nielsen, H. S. (2015). Depression and emotional stress is highly prevalent among women with recurrent pregnancy loss. *Human Reproduction* (Oxford, England), 30(4), 777–782. <https://doi.org/10.1093/humrep/dev014>

Labarta, E., Mariani, G., Holtmann, N., Celada, P., Remohí, J., & Bosch, E. (2017). Low serum progesterone on the day of embryo transfer is associated with a diminished ongoing pregnancy rate in oocyte donation

cycles after artificial endometrial preparation: A prospective study. *Human Reproduction*, 32(12), 2437–2442. <https://doi.org/10.1093/humrep/dex316>

Adib-Rad, H., Basirat, Z., Faramarzi, M., Mostafazadeh, A., & Bijani, A. (2019). Psychological distress in women with recurrent spontaneous abortion: A case-control study. *Journal of Turkish Society of Obstetric and Gynecology*, 16(3), 151–157. <https://doi.org/10.4274/tjod.galenos.2019.88899>

Druguet, M., Nuño, L., Rodó, C., Arévalo, S., Carreras, E., & Gómez-Benito, J. (2018). Emotional Effect of the Loss of One or Both Fetuses in a Monochorionic Twin Pregnancy. *Journal of Obstetric, Gynecologic & Neonatal Nursing*, 47(2), 137–145. <https://doi.org/10.1016/j.jogn.2018.01.004>

Swanson, K. M., Chen, H.-T., Graham, J. C., Wojnar, D. M., & Petras, A. (2009). Resolution of Depression and Grief during the First Year after Miscarriage: A Randomized Controlled Clinical Trial of Couples-Focused Interventions. *Journal of Women's Health*, 18(8), 1245–1257. <https://doi.org/10.1089/jwh.2008.1202>

Inversetti, A., Perna, G., Lalli, G., Grande, G., & Di Simone, N. (2023). Depression, Stress and Anxiety among Women and Men Affected by Recurrent Pregnancy Loss (RPL): A Systematic Review and Meta-Analysis. *Life*, 13(6), 1268. <https://doi.org/10.3390/life13061268>

Li, G., Jiang, Z., Han, X., Shang, X., Tian, W., Kang, X., & Fang, M. (2020). A moderated mediation model of perceived stress, negative emotions and mindfulness on fertility quality of life in women with recurrent pregnancy loss. *Quality of Life Research: An International Journal of Quality of Life Aspects of Treatment, Care and Rehabilitation*, 29(7), 1775–1787. <https://doi.org/10.1007/s11136-020-02460-2>

Effect of Happiness Counseling on Depression, Anxiety, and Stress in W | IJWH. (б. д.). Извлечено 6 октябрь 2025 г., от <https://www.dovepress.com/effect-of-happiness-counseling-on-depression-anxiety-and-stress-in-wom-peer-reviewed-fulltext-article-IJWH>

Basirat, Z., Kheirhah, F., Faramarzi, M., Esmaelzadeh, S., Khafri, S., & Tajali, Z. (2022). Pharmacotherapy or Psychotherapy? Selective Treatment Depression in The Infertile Women with Recurrent Pregnancy Loss: A Triple-Arm Randomized Controlled Trial. *International Journal of Fertility & Sterility*, 16(3), 211–219. <https://doi.org/10.22074/IJFS.2021.529258.1124>

Treatment of recurrent pregnancy loss patient education fact sheet. (б. д.). Извлечено 6 октябрь 2025 г., от <https://www.reproductivefacts.org/news-and-publications/fact-sheets-and-infographics/treatment-of-recurrent-pregnancy-loss2/>

Park, R., Boyd, C. M., Pollack, C. E., Massare, J., Choi, Y., & Schoenborn, N. L. (2021). Primary care clinicians' perceptions of colorectal cancer screening tests for older adults. *Preventive Medicine Reports*, 22, 101369. <https://doi.org/10.1016/j.pmedr.2021.101369>

Burger, K., & Strassmann Rocha, D. (2024). Mental health, gender, and higher education attainment. *Zeitschrift Für Erziehungswissenschaft*, 27(1), 89–122. <https://doi.org/10.1007/s11618-023-01187-3>

Divorce Is Stressful, But How Stressful? Perceived Stress Among Recently Divorced Danes: Family Transitions: Vol 62 , No 4—Get Access. (б. д.). Извлечено 11 октябрь 2025 г., от <https://www.tandfonline.com/doi/full/10.1080/10502556.2021.1871838>

Yang, J.-H., Jung, S., Yang, H., Choi, C., & Bum, C.-H. (2025). A Comparative Analysis of Stress Relief, Life Satisfaction, and Quality of Life Based on Marriage Status and Gender Among Members of Society Participating in Exercise. *Behavioral Sciences*, 15(4), 453. <https://doi.org/10.3390/bs15040453>

Andersson, M. A., & Harnois, C. E. (2020). Higher exposure, lower vulnerability? The curious case of education, gender discrimination, and Women's health. *Social Science & Medicine*, 246, 112780. <https://doi.org/10.1016/j.socscimed.2019.112780>

Khan, M., Azam, S., Khalid, A., Ali, M., Shaheer Jawaaid, S., Shoukat, R., & Abid, S. (2025). Perceived Stress and Psychological Wellbeing Among Married and Unmarried Pakistani Women. *Journal of Asian Development Studies*, 14(2), 366–371. <https://doi.org/10.62345/jads.2025.14.2.29>

Авторлар туралы мәлімет:

Айкинбаева Гульден Канатовна – п.ғ.к., доцент м.а., психология кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2. gulden_1975@mail.ru

Имирова Диляра Кахармановна – хат-хабар авторы, психология кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 10000 Қазақстан, Астана қ., Сәтбаев к-сі, 2. imirovad@list.ru

Сведения об авторах:

Айкинбаева Гульден Канатовна – кандидат педагогических наук, доцент, кафедра психологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 10000, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2. gulden_1975@mail.ru

Имирова Диляра Кахармановна – автор для корреспонденции, докторант кафедры психологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 10000, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2. imirovad@list.ru

Author Information:

Aikinbaeva Gulden Kanatovna – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 10000, Kazakhstan, Astana, Satpayev Street, 2. gulden_1975@mail.ru

Imirova Dilyara Kaharmanovna – corresponding author, doctoral student, Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 10000, Kazakhstan, Astana, Satpayev Street, 2. imirovad@list.ru